

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
*атты Қазақстан Республикасының ғылымның қызметкері күніне арналған
жоғары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен
студенттердің ғылыми конференциясының*
МАТЕРИАЛДАРЫ

12 сәуір 2013 жыл

VI Шығарылым

МАТЕРИАЛЫ

*Ежегодной Межвузовской научной конференции
магистрантов и студентов, посвященной Дню научного работника
Республики Казахстан*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

12 апреля 2013 года

VI Выпуск

Алматы қаласы

город Алматы

Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»

Ответственный редактор

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

Члены редколлегии:

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А__ Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Дню научного работника Республики Казахстан. 12 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 250 с.

ISBN

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК
ББК**

Амир А.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.

СОТ МЕДИЦИНА САРАПТАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫ АШУ МЕН ТЕРГЕУДЕГІ РӨЛІ

Сот-медицина сараптамасы сот әділдігі мақсаттары мен міндеттеріне қызмет етеді және елімізде қолданылып жүрген қылмыстық, азаматтық, қылмыстық істер жүргізу және азаматтық істер жүргізу заңдарының, Үкімет қаулылары мен өкімдерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі шығаратын ережелердің, бұйрықтар мен нұсқаулардың негізінде және соларды сақтай отырып жүзеге асырылады.

Сонымен бірге сот-медицина сараптамасы өз қызметі, құқықтары мен міндеттері шегінде халыққа медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту ісінде, ауру мен өлім-жітімді азайту, еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту жолындағы күресте денсаулық сақтау жұмысына барынша жәрдемдесуді мақсат етеді.

Елімізде сот-медицина сараптамасын жүргізу Қазақстан Республикасы Қылмыстық және Қылмыстық істер жүргізу, Азаматтық және Азаматтық істер жүргізу кодекстерінің бірқатар баптарымен белгіленген. Әрбір кодекс бір құқық саласына қатысты заңдар жинағы болып табылады.

Сараптаманың әр алуан түрлері бар, мысалы сот-медицина, сот-психиатрия, сот-бухгалтерлік, криминалистика, сот-техникалық сараптамалары және т.б. Бұл орайда сот-медицина сараптамасының басқаларының бәрінен бұрын қолданыла бастағанын айта кеткен жөн. Сараптаманың басқа түрлері сияқты, сот-медицина сараптамасы да тергеу және сот органдарының жазбаша берген ұсынысы, қаулысы немесе жолдамасы бойынша ғана жасалады.

Қазіргі кезде мемлекеттік (лауазымдық) және еркін сот-медицина сараптамасы жүзеге асырылады. Сот-медицина сараптамасының басым көпшілігін сот-медицина сарапшылары, яғни арнаулы даярлығы бар және сот-медицина сарапшыларының қызметін атқаратын дәрігерлер жасайды. Бұл - мемлекеттік, яғни лауазымдық сараптама. Сондай-ақ сот-медицина сараптамасы болмаған жағдайда сараптама жасауды тергеу немесе сот органдары кез келген дәрігерге тапсыруы мүмкін. Мұндай жағдайларда ол сарапшы-дәрігер деп аталады. Бұл - еркін сараптама.

Кейбір елдерде ант берген сараптама деген бар. Мысалы, Францияда солай. Бұл орайда соттарда ант беріп, сот-медицина сарапшысы болып бекітілген дәрігерлердің белгілі бір тізімі болады. Мұндай жағдайларда

тергеу және сот органдары сарапшылар таңдағанда дәрігерлердің тиісті тізімімен шектеледі.

Біздің заңдарымызға сәйкес, сараптама тағайындау туралы мәселенің әрбір ретте тергеу немесе сот органдары шешеді. Алайда заңда сараптамалардың барлық түрлері ішінен сот-медицина және сот-психиатрия сараптамаларын міндетті түрде жүргізу көзделген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі бойынша:

- 1) өлу себебін және дене жарақаттарының сипатын анықтау үшін;
- 2) айыпталушының немесе күдік келтірілген адамның іс жүргізу кезіне қарай өздерінің не істегенін білетін-білмейтіндігі немесе өзін-өзі билей алатындығы жағынан ақыл-есінің бүтіндігіне немесе қабілеттілігіне күмән келтірілген жағдайда олардың психикалық халін анықтау үшін;
- 3) куәгердің немесе жәбірленушінің іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс түсіну және олар туралы дұрыс айғақ беру қабілетіне күмән келтірілген жағдайда олардың психикалық және физикалық халін анықтау үшін;
- 4) айыпталушының, күдік келтірілген немесе жәбірленген адамның жас шамасының іс үшін маңызы болып, ол туралы құжаттар болмаған жағдайда олардың жас шамасын анықтау үшін сараптама жүргізу міндетті болып табылады [1].

Сөйтіп, өлу себептерін, дене жарақаттарының сипатын, психикалық халін және жасын анықтаған кезде міндетті түрде сараптама жүргізу заңда көзделген. Іс жүзінде орындалуы жөнінен сот-медицина сараптамасының түрлері: алғашқы, қосымша және қайталап жасалатын сараптамалар болып бөлінеді.

Алғашқы сараптама кезінде объектіге бірінші рет, көбінесе бір сәтке және түпкілікті зерттеу жүргізіліп, сарапшы тиісті қорытынды жасайды. Кейде алғашқы сараптама барысында қосымша зерттеу жүргізу, мамандардың ақыл-кеңесі, т.б. қажет болады. Сондықтан алғашқы сараптама барлық уақытта бірдей бір сәттік бола бермейді.

Қосымша сараптама кезінде сот-медицина сарапшысы әуелі объектіні зерттеп, қорытынды жазады. Сонан соң тергеу барысында, тергеуші сарапшыны тергеу материалдарымен таныстырып, оған қолда бар барлық материалдар ескерілген түпкілікті қорытынды беруді ұсынады.

Алғашқы сараптама онша толық және білікті болмаса, тергеу немесе сот органдарын қанағаттандырмаса, сондай-ақ істе келтірілге басқа дәлелдемелерге қайшы келсе, сараптама қайталап жасалады. Әдетте сараптаманы қайталап жасау неғұрлым тәжірибелі бір немесе бірнеше сарапшыға тапсырылады. Алғашқы, қосымша және қайталанатын сараптамалар комиссиялық және кешенді түрде жүргізілуі мүмкін.

Комиссиялық сараптама мейлінше қиын жағдайларда, атап айтқанда, кәсіптік құқық бұзғаны үшін медицина қызметкерлерін жауапқа тарту туралы істер бойынша, еңбекке жарамдылық дәрежесін анықтау кезінде, өтірік ауыруды немесе ауырғансуды, өзін-өзі жарақаттауды анықтау үшін сараптама жасаған кезде, күрделі қылмыстық істер бойынша (мысалы,

бөлшектеп тасталған мәйітті зерттеген жағдайда), сараптаманы қайталап жасаған кезде жүргізіледі. Кешенді сараптаманы бір іс бойынша әр түрлі мамандар тобы жүргізеді. Мәселен, улануға сараптама жасағанда оған көбінесе клиникалық дәрігерлер, сот дәрігерлері, химиктер, биологтар, ботаниктер және т.б. қатысады [2].

Сот-медицина сараптамасы алдын ала тергеу кезінде де, сот мәжілісінде де жүргізіледі. Маман дәрігердің сот медицинасы саласына қатысуы көбінесе оқиға болған жерді қараудан басталады, оны тергеуші жүргізеді (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 126-бабы). Кісі өлтіруге, өзін-өзі өлтіруге, жазатайым оқиғаларға байланысты істерде өлікті оқиға болған (табылған) жерде қарау кезінде, сондай-ақ адам сырттан зорлық жасалуы мүмкін кейбір кенеттен қайтыс болған жағдайларда маман дәрігердің маңызы ерекше зор. Мұндай жағдайларда дәрігер өзінің арнаулы білімі негізінде қылмысты тергеуге елеулі көмек көрсете алады. Мысалы, өліктің жатысы, денесіндегі жарақаттар, қан дақтарының болуы, өлік таңбаларының түсі мен сипаты, өліктің сіресу көрінісі және т.б. бірқатар жағдайларда болған оқиғаның сипаты, жарақат салу әдісі, өлген уақыты туралы, тергеу үшін маңызды басқа да мәселелер жөнінде алдын ала пікір айтуға мүмкіндік береді. Әлбетте, оқиға болған жерге барған маман дәрігердің бірінші кезектегі міндеті - өлу актісін анықтау немесе зардап шегуші тірі болып шықса, оған медициналық көмек көрсету. Оқиға болған жерді қараған кезде хаттама жасалып, оған тергеуші, дәрігер және куәлар қол қояды. Әдетте, хаттама өлікті қарауға қатысқан дәрігердің ауызекі айтуымен жазылады. Маман дәрігер бірқатар айғақты заттарды (қан дақтарын, шәует сұйығын, шашты, т.б.) табу, алу кезінде тергеушіге көп көмек көрсете алады. Сонымен қоса, оқиға болған жерді қараған кезде жоспар жасап, объектіні суретке тусірген жөн, мұны тергеуші істейді. Оқиға болған (өлік табылған) жерде өлікті қарап шыққаннан кейін тергеуші өлікті сот-медициналық союға жібереді. Оны сойып көруді оқиға болған жерді қарауға қатысқан дәрігерге тапсырған жөн, өйткені ол істің мән-жайымен, өлік құбылыстарының сипатымен және жарақаттардың бастапқы көрінісімен таныс. Бұл ерекшеліктер сарапшының сот-медицина сараптамасы алдына қойылған мәселелерді неғұрлым егжей-тегжейлі шешуіне көмектеседі. Бұл мәселелер тергеушінің қаулысында айқын тұжырымдалуға тиіс, онда сонымен қатар сараптаманың мақсаттары және оқиғаның мән-жайы туралы мәліметтер де көрсетіледі [3].

Алдын ала тергеуде берілген деректерді сарапшының сот мәжілісінде түсіндіріп беруі жиі кездеседі, сот мәжілісіне оның сот ұсынысы бойынша шақырылуы мүмкін. Кейде сот мәжілісінде сарапшының шешуіне қойылатын қосымша сұрақтар да туындайды. Сот сарапшыға қорытынды беруден бас тартқаны үшін және біле тұра жалған қорытынды бергені үшін жауапты болатынын ескертеді.

Алдын ала тергеу барысында немесе сот мәжілісінде өз қызметін дұрыс атқару үшін сот-медицина сарапшысы Қылмыстық іс жүргізу кодексінде

көзделген құқықтары мен міндеттерін жақсы білуге тиіс. Сарапшының міндеттері:

1) Ол анықтама алушы адамның, тергеушінің, прокурордың, соттың шақыруына келуге тиіс. Дәлелді себептерсіз келмей қалған жағдайда, куәгер сияқты, сарапшы да айдап әкелінуі мүмкін. Сарапшының ауырып қалуы, қызмет бабымен іссапарға кетуі, демалыста болуы, шақыру қағазын алмауы және с.с. оның келмеуіне дәлелді себептерге жатады.

2) Тергеу құпиясын сақтауға тиіс. Алдын ала тергеу деректерін жария етуге болмайтыны Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 96-бабында көзделген. Оларды жария еткені үшін қылмыстық жауаптылық Қылмыстық кодекстің 194-бабында айтылған. Заңның аталған нұсқаулары тәжірибелік сабақтар кезінде кейде алдын ала тергеу деректерімен танысатын студенттерге де қатысты.

3) Сот-медицина сарапшысы сараптама жүргізуге және өзінің алдына қойылған мәселелер бойынша қорытынды беруге міндетті. Егер ұсынылған мәселе сарапшының арнаулы білімі шеңберіне сыймаса немесе өзіне берілген материалдар қорытынды беруге жеткіліксіз болса, сарапшы қорытынды беру мүмкін еместігін сараптаманы тағайындаған органға жазбаша түрде хабарлайды.

4) Сот-медицина сарапшысы тергеу және сот органдарының қызметкерлеріне сараптама мәселелері бойынша кеңес беруге тиіс. Мұндай кеңесті жеке тәртіппен, мысалы, кейбір кезде сараптама деректерінің көмегімен өз қорғауындағыларды қорғап қалғысы келетін адвокаттарға беруге болмайды.

5) Сот-медицина сарапшысы сараптама жүргізу кезінде анықталған және бұрын істе көрсетілмеген жаңа деректердің бәрін тиісті тергеу және сот органдарына жеткізуге, сондай-ақ тергеу және сотта қарау үшін маңызы бар мән-жайлармен фактілерге өз еркімен тергеу және сот органдарының назарын аударуға міндетті.

6) Сарапшы қатаң белгіленген және заңда көзделген нысан бойынша сараптама құжатын, яғни сот-медицина зерттеуінің қорытындысын (актісін) жасауға міндетті.

Сарапшы, біріншіден, сараптаманың мақсаттары мен міндеттерін білуге, тергеушіден айқын тұжырымдалған сұрақтар алуға хақылы. Екіншіден, оның сот мәжілісі басталғанға дейін сот ісінің материалдарымен танысып, одан үзінділер жазып алуға хақысы бар. Үшіншіден, тергеушінің, прокурордың немесе соттың рұқсатымен жауап алған кезде, басқа да тергеу және сот әрекеттері кезінде қатыса алады және жауап алынып отырған адамға сараптаманың мәніне қатысты сұрақтар қоя алады. Төртіншіден, істің мән-жайын білуге тиіс. Сонымен бірге өзіне қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдар табыс ету туралы өтініш жасауға құқылы. Қылмыстық істің материалдары ғана емес, сонымен қатар айғақты заттар, салыстырып зерттеуге арналған құжаттар мен үлгілер және т.б. қосымша материалдарға жатуы мүмкін. Бесіншіден, соттан айқын тұжырымдалған жазбаша сұрақтар талап етуге, қойылған сұрақтарға жауап

қайтару үшін қажетті нәрселерді алуға және бұл ретте кез келген оқулықтар мен құралдарды пайдалануға хақылы. Бұл орайда сарапшы өзіне қойылған сұрақтардың мағынасын анықтап, түсіндіріп беруді сұрай алады. Алтыншыдан, сараптама күрделі және арнаулы мәселелерді шешу қажет болған жағдайда сот-медицина сарапшысы тиісті кәсіп мамандарын сараптамаға қатысуға және өздерімен бірге қорытынды беруге шақыруды өтінуге міндетті. Жетіншіден, штаттағы сот-медицина сарапшысы өзіне денсаулық сақтау органдарының сарапшы ретінде өз міндетіне кірмейтін денсаулық сақтау жағынан жүктеген міндеттері мен әр түрлі тапсырмаларын (емдеу, санитарлық және басқа да жұмыс түрлері жөнінен) орындаудан бас тарта алады. Сегізіншіден, сарапшы-дәрігер штаттағы сот-медицина сарапшысы болмаса, онда өзінің сараптама жүргізгені үшін сыйақы алуға хақылы. Сараптама жүргізген кезде сот-медицина сарапшысы өзінің арнаулы білімі саласына қатысы бар және сот-медицина сараптамасының құзыретіне кіретін мәселелерге ғана жауап беруге тиіс екендігін атап көрсету қажет. Сот-медицина сарапшысы медициналық немесе биологиялық сипаттағы мәселелерді ғана шеше алады және ол заң, техникалық және басқа да медициналық емес мәселелерге жауап бермеуге тиіс, өйткені сарапшы олар жөнінде маман емес. Сондықтан сарапшы сотталушының кінәлылығына қатысты мәселелерді (мысалы, кәсіптік құқық бұзғаны үшін медицина қызметкерлерін қылмысты жауапқа тартқан жағдайларда), қылмысты арам ниеттілік (мысалы, өлім түрі), іс-әрекетті саралау мәселелерін шеше алмайды, өйткені бұл мәселелерді тергеу немесе сот органдары шешуге тиіс. Сондай-ақ сот-медицина сарапшысы маман болып табылмайтын медициналық мәселелерді шешу де оның құзыретіне кірмейді. Мысалы, сот-медицина сарапшысы айыпталушының психикалық халін немесе есінің дұрыстығын анықтай алмайды, өйткені оның сот психиатриясы жөнінен жеткілікті білімі жоқ. Бұл мәселелер сот-психиатрия сараптамасының құзыретіне жатады [4].

Сот-медицина сараптамасын жүргізу мен оның нәтижелерін бағалау объективті және ғылыми деректерге негізделуге тиіс. Сарапшының қорытындысында субъективті болжам мен жорамал болмауға тиіс. Сарапшының тәжірибелік қызметінде әлдебір негізделмеген жауап қайтаруға тырысып, сол арқылы тергеу және сот органдарын адастырудың орнына, "мен білмеймін" деуі әлдеқайда дұрыс. Егер сарапшы өзіне қойылған сұрақтарға жауап қайтара алмаса, тергеу немесе сот органдары неғұрлым тәжірибелі, басқа бір сарапшыны немесе бірнеше сарапшыны шақыра алады [5].

Сараптаманы бірнеше сарапшы жүргізген кезде олар жалпы қорытынды жасап, қол қояды. Егер комиссия мүшелерінің біреуі көпшілікпен келіспесе, өз қорытындысын жазып, ол комиссияның өзге мүшелері қол қойған қорытындыға қоса тіркеледі. Елімізде сот-медицина сараптамасын:

- аудандық, ауданаралық, қалалық сот-медицина сарапшылары;

– республикалық бағыныстағы қалалар мен облыстардың сот-медицина сарапшылары;

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Бас сот-медицина сарапшысы жүзеге асырады. Қалалық (Алматы), облыстық аға сот-медицина сарапшылары мен Денсаулық сақтау министрлігінің Бас сот-медицина сарапшысы арнаулы сот-медицина сараптама мекемелерін - қалалық (Алматы), облыстық, республикалық сот-медицина сараптама бюросын басқарып, олардың бастығы қызметін атқарады.

Сот-медицина сараптама бюросының құрамына мына бөлімдер кіреді:

1) тірі адамдарды сот-медициналық тұрғыдан куәландыру бөлімі (емхана);

2) сот-гистология бөлімшесі мен өлікті зерттеу бөлімі (мәйітхана);

3) айғақты заттарды сот-медициналық зерттеу бөлімі (сот-медицина лабораториясы), оның:

– физикалық-техникалық зерттеу;

– сот-биологиялық зерттеу;

– сот-химиялық зерттеу бөлімшелері бар.

Сот-медицина сараптама бюросы:

– зорлықпен өлтірілген немесе зорлықсыз өлген жағдайларда өлімнің уақытын, сипаты мен себептерін анықтау және анықтама, тергеу және сот органдары алға қойған басқа да мәселелерді шешу үшін өліктерді зерттеу;

– дене жарақаттарының сипаты мен ауырлығын анықтау, жыныстық қылмыстар жөнінде сараптама жүргізу, сондай-ақ анықтама, тергеу және сот органдары алға қойған басқа да мәселелерді шешу сараптамаларын;

– объектілерге сот-медициналық, физикалық-техникалық және сот-химиялық зерттеу жүргізу жолымен айғақты заттарға сараптамалар;

– жеке адамның өміріне, денсаулығына және қадір-қасиетіне қарсы қылмыс жасалған істердің материалдары бойынша және кәсіптік құқық бұзушылық үшін медицина қызметкерлерін қылмыстық жауапқа тарту туралы істер бойынша сараптамалар жасайды;

– сот-медициналық клиникалық-анатомиялық конференцияларда емдеуші дәрігерлермен бірге сот-медицина оқиғаларын талқылайды [6].

Бюро бастығы емдеу мен диагностикада табылған кемшіліктер туралы денсаулық сақтау органдарына жеткізеді, өте жұқпалы аурулар табылған жағдайда хабарлап отырады.

Сот-медицина сараптама бюросында адам патологиясының нақты проблемалары мен арнаулы сот-медицина мәселелері ғылыми жолмен өңделіп, кенеттен өліп кету, тасымалдағы жарақаттану, өнеркәсіпте және тұрмыста улану материалдарына талдау жасалады, сот-медицина сарапшылары мен сот химиктерін мамандандыру және олардың білімін арттыру жүзеге асырылады.

Сот-медицина сараптама бюролары денсаулық сақтау органдарына жатады және олар әкімшілік-шаруашылық жағынан облыстық денсаулық сақтау бөлімдеріне бағындырылған. Аудандық, ауданаралық сот-медицина сарапшылары тиісті сот-медицина сараптама бюроларының құрамына кіреді және сол бюролардың бастықтарына бағынады.

Сонымен сот-медицина сараптама бюролары екі жақты бағыныштылықта болады: 1) әкімшілік-шаруашылық және қаржы жағынан облыстық денсаулық сақтау бөлімдерінің басшыларына, ал ғылыми-тәжірибелік және ұйымдық жағынан жоғарыдағы бюроларға бағынады. Сонымен бірге бұлайша бағынуға тиісінше шек қойылған. Мысалы, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі облыстық сот-медицина сараптама бюросының бастығына оның қаражатты дұрыс жұмсамай, қаржы тәртібін бұзып отырғанын, сондай-ақ бюрода олқылықтар барын: кадрлардың нашар іріктеліп алынатынын, еңбек тәртібі бұзылатынын, т.б. көрсете алады. Ал тәжірибелік жұмысқа келгенде, денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің сараптама жүргізу сапасын тексеруге, сол сияқты сараптама жүргізуді тағайындауға құқығы жоқ.

Жоғары тұрған сарапшы тарапынан ғылыми-тәжірибелік және ұйымдық жағынан басшылық ету мен бақылау жасауға да белгілі бір дәрежеде шек қойылған. Ол өзіне бағынышты бюро бастығына актілердің нашар жасалатынын, білікті кадрлар іріктеп алу жағынан кемшіліктер бар екенін, лабораторияның нашар жұмыс істейтінін, т.б. көрсете алады. Бірақ бірінші сарапшы екіншісі жасаған қорытындының күшін жоя алмайды. Өйткені сараптаманың жүргізілуі және берілген қорытынды үшін сараптама жүргізген сарапшының өзі ғана жауап береді. Егер жоғары тұрған сарапшы қорытындыны қате деп тапса, оның қайталап сараптама тағайындау туралы прокуратураға дәлелді өтініш жасауға құқығы бар.

Сот-медицина қызметінің мүлтіксіз ұйымдастырылуы, сарапшының сот әділдігі органдарына тәуелсіздігі, оның іс нәтижесіне материалдық жағынан мүдделі болмауы сот-медицина сараптамасының объективтілігіне жәрдемдеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 01.01.1998 жыл.
2. «Сот сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
3. Инструкция о производстве судебной экспертизы в РК 1992г.
4. Каракобенов К. «Сот медицинасы»- Алматы «Жеті жарғы» 1996 жыл.
5. Авдеев М.И. Краткое руководство по судебной медицине.-М.Медицина, 1966г.
6. Волков В.Н., Датий А.В. Судебная медицина: Учебное пособие для вузов.

СОДЕРЖАНИЕ

Абен Т.А. Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы.....	
Абузярова З. Софистика в современном мире.....	
Адамбеков А.А. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттары.....	
Айтжанов Ш.Қ. Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері және олардың атқаратын қызметтері.....	
Акимова Н.М. Анықтау мен алдын-ала тергеу органдары жөнінде.....	
Алшымбаев А.М. Қазақстан Республикасының Прокуратурасы қылмыстан сақтандырушы құрылым.....	
Алыбаева А.М. Проблемы права на жизнь в законодательстве Республики Казахстан.....	
Амир А. Сот медицина сараптамасы және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
Асмаг С. Адвокат-қорғаушының қылмыстық іс-жүргізудегі маңызы.....	
Асубаева А.С. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациясын өткізудің тәртібі.....	
Ауельбеков Д. Проблемы прокурорского надзора за соблюдением законодательства о правах потребителей.....	
Ахметова А. Вопросы совершенствования организационно-правовых форм участия адвоката-защитника в уголовном процессе.....	
Ашимова А. Развитие риторики казахского народа.....	
Аязбаев А.Н. Сот төрелігіне қарсы қылмыстар.....	
Әбдіқожаева А., Базарлинова А. Адвокатураның мәртебесі.....	
Байбосынова А. Казахские бии средних веков.....	
Байдалина М. Фальшивомонетничество.....	
Бурдина К. Допрос как разновидность общения.....	
Ганиев А.А. Құқықтық реттеудің қағидалары.....	
Дәуқараев Ұ.Ұ. Мал ұрлығы.....	
Дәулетқалиева Н.М. Бұзу құралдарының іздерін зерттеудің мәселелері.....	
Ділімбетова Ұ.Б. Независимость адвокатов в адвокатской деятельности.....	
Джаугаштина А.К. Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған соттардың түсінігі және оны құру үрдісі.....	
Дүйсенқұл А.Ғ. Қазақстан Республикасының қылмыстан сақтандыру саясатының негізгі аспектілері.....	
Ем М. К вопросу о совершенствовании системы органов прокуратуры РК.....	
Жакипбекова М.О. Сот баллистикасы объектілерінің бірі – атыс қаруын зерттеудің ерекшеліктері.....	
Жаксыбеков Б.Б. Разграничение заведомо ложного сообщения об акте терроризма и хулиганства.....	
Жангабылова М.Г. Құқықтық тәрбие – қылмыстық саясаттағы рөлі.....	
Исаев К. Проблемы предупреждения насильственной преступности.....	

Исина М.Ж. Вымогательство среди несовершеннолетних, проблемы профилактики.....	
Канбатыров Е.С., Құсайын Ә.С. Проблемы предупреждения киберпреступности в Республике Казахстан.....	
Каримова М. Специфика судебной речи.....	
Карин А. Гуманизация в сфере уголовного законодательства.....	
Кемелхан Д. Беттестірудің құқықтық аспектілері және беттестіру әрекетін жүргізудің негізгі талаптары.....	
Қадырбаева Г., Нургазина Б. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің кейбір мәселелері.....	
Қапар Д. Кеңес дәуіріндегі адвокат-қорғаушының дәлелдемелер жинауға қатысу мәселелері.....	
Қуатбекқызы Г. Тергеу эксперименті дәлелдеу құралы ретінде.....	
Қырғызбаева А. Одорология: даму кезеңдері, әдістері, қылмысты ашудағы маңызы.....	
Мади Г. Криминалистическая теория планирования и организации расследования.....	
Макрушин А.О. Тактика обыска и личного обыска.....	
Макрушин А.О. Запрет на курение кальяна в общественных местах.....	
Малакшинов Э.В. Правовые, организационные и методические проблемы криминалистической техники.....	
Мухамедиев М.Н. Қылмыстық құқықтың қылмыстан сақтандыру рөлі.....	
Мырзакулова М.Б. Тергеу қарауын жүргізудің кейбір ерекшеліктері.....	
Нариманов Ә.М. Қазақстан Республикасында терроризммен күресудің шаралары.....	
Нургазина Б.Х. Криминалистикалық габитологияның қылмысты ашудағы рөлі.....	
Nurgaliyeva A. Memoir. Female crime and its prevention.....	
Нуржанова А.С. Протест прокурора как один из основных актов прокурорского реагирования.....	
Өрісбаева З.Т. Адвокаттың кәсіби әдебінің құқықтық негіздері.....	
Райымбергенова К.Т. Тергеу ситуацияларының құқықтық реттелуі.....	
Рахиева Ж.С. Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері.....	
Рысқұл Н. Криминалистикалық фотография.....	
Сағынбаева Ә.Е. Әйелдер қылмысының жағдайы.....	
Саламатов Ш. Криминологияның өзге ғылымдармен байланысы және қылмыстылықтың алдын алудағы рөлі.....	
Салимов А.Б. Куәландырудың тактикалық және процессуалдық аспектілері.....	
Серікбаев А.М. Қор қордың зияндылығы.....	
Сулейменова А.С. Некоторые проблемы проведения осмотра места происшествия.....	
Тасбаев Ш. Сот сараптамасына қажетті материалдарды дайындау.....	

Темиржанова Г. Криминологическая характеристика организованной преступности.....	
Тәлей М.С. Беттестірудің тактика-процессуалдық аспектілері.....	
Темирова А.Е. Этика адвоката.....	
Төлмұратова А.Т. Лауазымды тұлғалардың жасайтын қылмыстары.....	
Ужахов А.А. Допрос как средство доказывания.....	
Федоренко Я. Проблемы предупреждения преступности учащихся общеобразовательных школ в Республике Казахстан.....	
Халан С. Халықаралық терроризмді жасағаны үшін жауапқа тарту және алдын алу бойынша мемлекеттердің ынтымақтастығы.....	
Хильман А.И. Адвокаттар алқасы және олардың құрылу тәртібі.....	
Шамбулов А. Жедел-ізвестіру қызметін прокурорлық қадағалаудың кейбір мәселелері.....	